«Зейне-ана» балалар бақшасы меңгеруші жанындағы кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

Қатысқаны: барлық педагогтар 22.09.2022ж

Күн тәртібінде

1. Жылдық міндеттердің орындалуы.
2. Ас үйдегі тамақтандыруды ұйымдастырудың сапасы мен қызметі.

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер Раушан Кулманова алып, жылдық міндеттердің орындалуына қатысты сөз қозғады. Жылдық міндеттерді орындау барысында жүргізіліп жатырған жұмыстардың әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүргізілуі үшін бірнеше нұсқаулықтарға тоқталып, атап өтті.Ағымдағы жылдың міндеттері:

- Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулық құзіреттілігін сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Мектеп жасына дейінгі балаларға сенсорлық тәрбие беріп, қарапайым танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бірінші міндет бойынша балаларды өз денсаулықтарына саналы түрде қарауға тәрбиелеп, бағыт-бағдар беріп жатырмыз. Балалардың денсаулықты адамға табиғаттың берген сыйы деп қабылдауына, өз дене бітімі және сезімдері туралы білуге бағыттап жатырмыз. Педагогтормен күтілетін нәтижеге тоқталсақ:

- СӨС және өмірлік дағдыларын қалыптастыру және дамыту: аурудың алдын алу үшін дұрыс тамақтану, еңбек және демалыс кезеңдерінің кезектесуі;
- Кездейсоқ жағдайлар кезінде көмек көрсету тәсілдерін үйрету;
- Тұрмыста, көшеде, табиғат аясында қауіпсіздік шараларын дамыту. Сондай-ақ жоспарға сай сауықтыру шынықтыру шаралары бойынша спорттық сауық кештерін, спорттық музыкалық ойын сауық, педагогтар арасында эстафеталық жарыстар өткізілді. Пандемияға байланысты ата-аналармен ұйымдастырылатын спорттық отбасылық ойын сауықты өткізе алмағандықтан, отбасында әке мен бала ойынын бейне жазба түрінде ұйымдастырып фейсбук желісіне жүктедік.

Екінші міндет бойынша балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, баланың жалпы ақыл-ойының дамуына ықпал етіп, көмек көрсетіп жатырмыз. Заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларын жетілдіруге, заттардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар, иісі, дәмі т.б. саусақ қимылы, ұсақ қол моторикасының жақсы жетілуіне жағдай жасап, сол бағытта жұмыстанып жатырмыз. Осы орайда оқу жылының басынан бері ғимараттың бірінші қабатынан сенсорика бұрышын жабдықтауды бастаған болатынбыз, сол бұрыштың жабдықталу жұмысын жыл аяғына дейін толықтай жинақтап аяқтадық.

Ал педагогтермен күтілетін нәтиже:

- Балалардың танымдық және ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын толықтыру;
- Олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару, шығармашылық қиялын дамыту; Алға қойылған мақсатқа жетуге тәрбиелеу.
- Педагогтардың біліктілік санаттарын көтеруге бағытталған жұмыстар жүргізілді, бірнеше педагогымыз санаттарын көтерді. Электронды портфолияларын толықтырды. Балабақшада 11 педагог облыстық ғылыми тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен болған олимпиадаға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Облыстық, аудандық, Республикалық қашықтықтан өткізілген байқауларға қатысып тәрбиеленушілер жүлделі орындармен марапатталды, ал педагогтарымыз жетекшінің алғыс хаттарымен еленді. 4

педагогтың әдістемелік құралдары және электрондық орталары жарық көрді. 10 педагог «Ұстаз»газетіне мақала жариялады.

- Жас мамандар мектебінің жұмысы толық қамтылып жастарымыз өз жұмыстарын көрсете алды. Ақпан айында 13 жас маман «Үйренейік ізденейік жас маман» тақырыбында ұйымдастырылған іс шараға қатысып білімдерін шыңдады. Балалармен жаппай өткізілетін мерекелік іс шаралар тақырыпқа сай әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылып өз деңгейінде өтіп отырды. Балабақшада 18 педагог ашық ҰОҚ көрсетті, талқыланып жұмысты жүйелі жүргізуге ақыл кеңес пен бағыт-бағдар берілді. Топ бөлмелерін әдістемелік тұрғыда жабдықтау жұмыстары жыл бойы тоқтаусыз жүріп отырды.

- Төтенше жағдайларға байланысты жүргізілетін іс шаралардың ішінде «Өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері» бойынша аудандық өрт сөндіру бөлімінен мамандарды шақырып балалармен және жас мамандармен ойын жаттығулар өткіздік. Жылдық жоспарда алға қойған міндет мақсаттарды толық қамтып орындадық.

Медбике Ырыс Медетбекова екінші мәселе бойынша сөз кезегін алып, ас үйдегі тамақтандыруды ұйымдастырудың сапасы мен қызметіне тоқтала өтті. Сонымен қатар, ас әзірлейтін бөлменің санитарлық тазалығы мен қызметкерлердің жеке басының гигиенасын ұстауын күнделікті тексеріп, топтағы балаларға тамақтардың жеткізілуін қадағалайтынын айтты. Балалар аса мәзірінің қажетті мазмұны – тамақ үлесінің химиялық құрамының мөлшеріне байланысты жасалады. Балалардың дұрыс тамақтану тәртібі – нақты ұйымдастырылған ережелер болуы керек. Дұрыс тамақтану тәртібінің тағы бір талабы – тәуліктік тұтынатын тағамдардың сәйкестендірілген тізімі.

Тамақтану тәртібі қелісілген ас мәзіріне сәйкес болуы керек. Тағамдар, міндетті түрде, ас құрамы мен мөлшері көрсетілген технологиялық картадағы нұсқаулықтар бойынша әзірленеді.

Топтардың ас ішетін бөлмесінде күнделікті ас мәзірінің бекітілген үлгісі ілулі тұруы керек.

Балабақшадағы балалардың тамақтану мөлшері, арнайы балалар үшін белгіленген. Бүлдіршін үшін қажетті микроэлементтер мен пайдалы заттардың көлемі өлшеніп, ас мәзірі апта бұрын құрылады. Балалар тағамы аса мұқияттылықпен ойластырылып, тамақ пісіру барысы мен дәмінің сипаттамасы үнемі бақылауда болады. Тамақтың сапасын күнделікті қадағалап отыратындарын айтты.

Балалардың күнделікті ас үлесінде бірдей азықтар қайталанбайды, ал балық балаларға аптасына 1 рет беріледі.

Қаулы етеді:

1. Жылдық міндеттерді орындауда құрылған жоспарға сай жұмыстар жүйелі жүргізіліп, белгіленген тапсырмалар орындалсын.

Жауапты: әдіскер

Бақылаушы: меңгеруші

2. Ас үйдегі тамақтандыруды ұйымдастыру жұмыстарының сапасы мен қызметі жіті қадағалансын.

Жауапты: медбике

Бақылаушы: меңгеруші

Төрайым: М.К,Калиаскарова

Хатшы: Ф.Алдангарова

Меңгеруші жанындағы отырыс
Хаттама №2

Арыс қаласы
Қатысқандар: 16 **15.12.2022 жыл**

Күн тәртібінде:

1. Балабақша ішілік еңбек тәртібін бекіту.
2. Бала денсаулығын нығайту, өмір қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру.
3. Таңғы жаттығу мен сауықтыру шаралары орындалуы
4. Шырша мерекесіне дайындық және ұйымдастырылуы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.Калиаскарова сөз алып, балабақша ұжымы Қазақстан Республикасы еңбек тәртібімен толық таныс екеніндігін айтып, балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау ережелерін түсіндіріп өтті, ойын алаңында, оқу қызметінде балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау, ержелері айтылды. Әрбір ұжым мүшесінің жұмыс тәртібі толық таныстырылып, түсініктеме берілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.Калиаскарова. Тәрбиешілердің барлық топтарда бала денсаулығын нығайту жоспарлары қаралып шықты. Олар айлық жоспарларында спорт, қимылды эстафеталық ойындар жоспарлаған. Балалар ұйқыдан тұрған мерзімде сауықтыру шараларынан салқын сумен денесін ысқылау, массаж кілемі бетімен жүру шаралары өткізіледі.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Кәрібай. Балабақшада үнемі таңғы жаттығу орындалады, жылы мезгілде аулада ойын алаңдарында өту жоспарлануда. Таңғы жаттығу комплекстер бала жасына лайық алынады.

Ортаңғы топтар жан-жануарлар қимылына еліктеп орындайды. Әдіскер таңғы жаттығудың үнемі уақытында орындалуы қадағалайды. Ұйқыдан соң балаларды сауықтандыруға бағытталған массаж кілем үстімен жалаңаяқ жүру, далада серуендеу ұйымдастырылады. Балабақшада тұмау аурулары балалар жұқпалы аурулары тіркелмеген. Сондықтан балаларды сауықтандыру жұмыстарын әрі де активті түрде жүргізуді жалғастыру қажет.

Топ тәрбиешісі И.Кудреттуллаева. Шырша мерекесін өткізуге барлық топ балалары қатысты. Мерекеге түрлі кейіпкерлер қатысып, көптеген тақпақ, өлең айтылып, ойындар ұйымдастырылады. Шырша мерекесі санитариялық талаптарды сақтай отырып, әр топта жеке өткізіледі.

Шешім:

1. Еңбек тәртібімен педагогикалық ұжымда сақталсын.
2. Өмір қауіпсідігі ережелері орындалсын.
3. Таңғы жаттығулары үнемі өтілсін.
4. Қауіпсіздік шаралары сақталып, шырша мерекесі топта атап өтілсін.

Меңгеруші: **М.Калиаскарова**
Хатшы: **Ф.Алдангарова**

Меңгеруші жанындағы отырыс

Хаттама №3

Арыс қаласы
Қатысқандар: 17 **02.03.2023 жыл**

Күн тәртібінде:

5. Көктемгі көгалдандыру жұмыстарын жүргізу.
6. Наурыз мерекесін атап өту.
7. Тамақ нормасының сақталуы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова сөз алып, көктем келіп, күн жылынғаннан бастап балабақша ауласына көгалдандыру жұмыстары қажет екенін айтты. Соған байланысты білім бөлімі тарапынан алма ағашы мен қара тал ағашының көшеттері, балабақша әкімшілігі тарапынан көктемгі және жазғы мезгілде гүлдейтін гүл көшеттері біріледі, қақытылы егу жұмыстары жүргізілі қажет. Сонымен қатар, аула сыртын, ойын алаңдарын сырлау жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері М.Калиаскарова сөз алып, көктемгі ең маңызды мекере Наурыз мерекесін атап өту үшін дайындық жұмыстарын жасайтынын, барлық топ бірге атап өтетінін және бірге безендіру жұмыстарын жүргізетінін айтып өтті. Сондай-ақ, балабақша әкімшілігі тарапынан наурыз көже берілетінін ескертті.

Үшінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Р.Медетбекова күнделікті тамақ ас мәзірі бойынша беріліп жатқанын және өз бақылауында екенін айтты. Көктем-жаз айларына ас мәзірі бекітіліп, аспазшы ас мәзірімен таныстырылды.

Шешім:

1. Көгалдандыру жұмыстары уақытылы жүргізілсін, жауапты болып шараушылық меңгерушісі Н.Нурмановқа бекітілсін.
2. Наурыз мерекесі өз деңгейінде атап өтілісін, жауапты болып әдіскер М.Калиаскарова бекітілсін.
3. Тамақ нормасы СЭС талаптарына сәйкес сақталсын.

Меңгеруші: **М.Калиаскарова**

Хатшы: **Ф.Алдангарова**

Меңгеруші жанындағы кеңес

№ 4 хаттама

Арыс қаласы **07.04.2023 ж**

Тақырыбы: Ауладағы ойын учаскелерінің қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігі туралы есеп беру.

Қатысқандар: 16

Күн тәртібінде

1. Лауазымдық нұсқаулықтармен таныстыру.
2. 9-20 ақпан аралығында балабақшаларда 10 күндік іс – шара «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартын іске асыруда ұйымдастырушылық-әдістемелік тұрғыда қолдау»
3. Аттестаттау комиссиясының жұмысы.
4. Балалар ұйықтайтын бөлмені жарақтандырудың сәйкестігі туралы есеп беру.
5. Балабақшаның ішкі тәртібі.

1- мәселе бойынша меңгеруші М.Калиаскарова қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстырды және қызметкерлер оқып шығып нұсқаулыққа қолдарын қойды. Қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға нұсқаулықта бекітілген ережелерге сәйкес жауап беріп, түсіндірілді.

2. Балабақша ішіндегі топтар арасындағы қатынасқа сәйкес 9-20 ақпан аралығындағы өткізіліетін 10 күндік іс-шара жоспары бекітіліп, топ тәрбиешілеріне тапсырмалар жүктелді.

Әр күнге бекітілген іс- шаралар уақтылы өткізіліп тұруына бақылау жасау медбике Р.Медетбекова жүктелді.

3. Аттестаттау комиссиясының жұмысы барысымен меңгеруші М.Калиаскарова таныстырды. Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелерін таныстырды.

Төрайымы: М.Калиаскарова - балабақша меңгеруші

Мүшелері: Кудреттуллаева И. – тәрбиеші

Мадалиева А. – тәрбиеші

4. Бұл мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі Нурманов Н. есеп берді және алдағы уақытта да жұмыс барысы, топтарды жарақтандырудың сәйкестігі ережеге сәйкес жүргізіліп бақылауда болатынын айтты.

5.Балабақшаның ішкі тәртібі бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова балабақша қызметкерлері арасындағы кемшіліктерге

тоқталды. Атап айтатын болсақ көмекші тәрбиешілердің балаларды киіндіру шешіндіру кезіндегі, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кезіндегі көмектеспеу кемшіліктері және меңгеруші тапсырмаларына салғырт қарағаны үшін ескерту жасап түсінік жазыдырып алды. Тәрбиешілер мен көмекші тәрбиешілердің ұсыныстары тыңдалды және талқыланды.

Шешімі:

1. Барлық қызметкерлер лауазымдық нұсқаулықта белгіленген жұмыс кестесіне және міндеттеріне жауапкершілікпен қарасын.Орындалмаған жағдайда әкімшілік шара қолданылсын.
2. Балабақша ішіндегі топ арасындағы 9-20 ақпан аралығындағы балабақша бойынша өткізіліетін 10 күндік іс-шара жоспар бойынша өткізілсін және іс-шара барысынан суреттер мен құжаттар әдістемелік орталыққа тапсырылсын.
3. Аттестаттау комиссиясы балабақша педагогикалық қызметкерлерінің білімін көтеру жолында жұмыстар жүргізсін.
4. Балалар ұйықтайтын бөлмені жарақтандырудың сәйкестігі шаруашылық меңгерушісінің ұдайы назарында болсын.
5. Балабақшада қызметкерлер мен техникалық қызметкерлер жұмысы әдіскер мен шаруашылық меңгерушісінің бақылауында болсын.

Төрайымы: М.Калиаскарова

Хатшысы: Ф.Момбек